«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы



Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласындағы «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасының өзін-өзі аттестаттау қорытындысы

Алға-2023

Scanned with AnyScanner

Ақтөбе облысының білім басқармасы, Алға ауданының білім бөлімі
«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасының
2022-2023 оқу жылындағы өзін-өзі аттестаттау қортындысы.

Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына , өзін-өзі бағалау туралы № 12 бұйрығына сүйене отырып, балабақша меңгерушісінің 2023 жылғы 02 қазандағы №13 бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облысының білім басқармасы, Алға ауданының білім бөлімі «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы 2023 жылдың 03.10.2023 – 03.11.2023 аралығында бағалау жұмыстарын жүргізді.

Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы (бұдан әрі – балабақша) келесі құрамдағы өзін – өзі бағалау комиссиясы өзін – өзі бағалауды жүргізді:

Өзін–өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Искакова Гульмира Исаевна- балабақша меңгерушісі- комиссия төрайымы
Каргаева Салтанат Жубаназаровна – әдіскер- комиссия мүшесі
Абибулаева Алмагүл Тауекеолвна – психолог- комиссия мүшесі
Даулетова Жумагүл Айтугановна – логопед – комиссия мүшесі
Баукенова З.А. тәрбиеші – комиссия мүшесі

Scanned with AnyScanner

Мазмұны

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1.2.Материалдық- техникалық базаны бағалау

2.Оқытумен мен тәрбиелеу қызметін бағалау.

2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына(бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

2.2. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау

2.3. «РУХАНИЖАҢҒЫРУ»бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру:

2.4. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауда және денсаулығын нығайтуда қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.

2.5. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

2.6. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

2.7.Баланың даму мониторинг қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталары)

2.8. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.

2.9.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

3.1.МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

3.2.Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі)

Scanned with AnyScanner

5.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

5.1.Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау.

6.Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

6.1.Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы жеке меншік мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейді. Мекен-жайы: 030200 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, Байтұрсынов көшесі, 19 үй, телефон: 8-71-337-4-18-15; электронды почта iskakova68@mail.ru, инстраграмм @bb_baldyrgan2015 Facebook: Балдырған Балабақша, балабақша сайты: www.kasiet-abi.edu.kz , Балдырған балабақшасы ютуб каналы (https://youtube.com/channel/UCeoHJMcKVFyvItkFLPbnSzQ) .

«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы алғаш рет 01.09.2015 жылы (№ 0400.X.KZ30VBS00013562) тіркеліп 70 баламен 3 топ (2 қазақ, 1 орыс тобы) болса, 25.01.2016 жылы (№ D.02.X.KZ41VBS00020251) қайта тіркеуінен өткізіліп 4 топ, 02.052017 жылы (№ D.02.X.KZ92VBS00069191) 6 топ (5 қазақ, 1 орыс тобы) болып ашылды. 2021 жылдың қазан айының 1інен 1 топ (сөйлеуінде бұзылушылығы бар түзету тобы) қосылып, жалпы топ саны 7 болды(01.10.2021 ж № D.02.X.KZ72VWF00049108. Заңды тұлғаларды қайта тіркеу куәлігі №10100114717590 БИН: 150540020265

Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты, тұрақты жер пайдалану актісі, жер учаскесінің кадастрлық номері: 02-037-001658 . Жер учаскесінің алаңы: 0.6003га, оның ішінде үлесі 0.2016га.

Scanned with AnyScanner

Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде төмендегі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алып қызмет атқаруда:

• «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

• «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293

• «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

• «Ойыншықтардыңқауіпсіздігітуралы»ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_

• «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуарқылықолдау туралы»ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_

• Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137

• "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы . ҚазақстанРеспубликасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59бұйрығы.

• «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім берустандарттарыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669

• Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқужоспарларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275

• Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

Тиістіүлгідегібілімберуұйымдарықызметініңүлгілікқағидалары

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172

• Білімберукызметтерінкөрсетудіңүлгілікшартыныңнысандарыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227

• Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_

• Педагогкызметкерлерменоларгатеңестірілгентұлғалардыңлауазымдарыныңүлгілікбіліктіліксипаттамаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_

• Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272

• Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру жәнеонысайлаутәртібініңүлгілікқағидаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584

• Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелеріменжарақтау стандарттары және оларға қойылатын

Scanned with AnyScanner

талаптарhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239

• Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618

• Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883

1.2.Материалдық-техникалық базаны бағалау

«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы 2015 жылы 1 қыркүйекте ашылып, мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істеп келеді. Балабақша ғимараты бейімделген, сыйымдылығы 200 орын.

«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасының ыңғайластырылған үлгідегі екі қабатты ғимараты 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс жасап келеді. Балабақша 200 орынға арналған. 7 топқа бала қабылданады. Оның ішінде 2022-2023 оқу жылында 1 кіші топ, 2 ортаңғы топ, 1 ересек және 2 мектеп алды даярлық, 1 түзету (ортаңғы) тобы жұмыс жасап тұр. Осы аталған топтар үшін 17 педагог және17 кіші қызметкер жалпы саны 34 адам жұмыс істейді. Мектепке дейінгі мекеме ғимараты автономдық жылыумен жабдықталып, жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген. Санитарлық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі мекеменің ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілген. Әр тоқсан сайын қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нұсқаулықтарын сақтау туралы кеңес өткізіліп, тәрбиеші және тәрбиеші көмекшілеріне балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулықтарыөткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады.

Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау сызба жоспары ғимарата ілініп, өрт сөндіру құралдарымен толықтай жабдықталған. Автоматты өрт дабыл қаққыштар жұмыс жасайды, апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру белгілері орналасқан.

Жалпы саны 19 бейне бақылау камерасы орнатылған. Оның 11 ішті, 8 сыртқы түсірілімді көрсетіп тұр. Сақталу мерзімі 16-30 күн.

Кәсіпорынның «Террористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспорты» жасақталып бекітілген.

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларына сай темір шарбақпен қоршалып, 7 топтың ойын алаңы бөлінген. Аула аумағында балалардың жас шамасына сәйкес топқа арналған құмсалғыштар, әткеншектер мен жабдықталған. Балабақша учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар қатты жабын мен жабылған (тротуарлық плитка). Мектепке дейінгі мекеме ғимараты жылыумен

Scanned with AnyScanner

жабдықталып, автономды, салқын және ыстық сумен толық камтамасыз етілген

Медициналық қызметкердің жұмысы.

Балабақша медбикесі: **Жиева Карылға Есіркеповна** Гурьев медициналық училищесін 1982 жылы оқуға түсіп, аталған оқу орнын толық курсын жалпы медициналық сестра мамандығы бойынша 1984 жылы бітіріп шықты. Мемлекеттік квалификациялық комиссияның 5 шілде 1984 жылғы № 2 шешімі. Диплом ТКБ №0246483.

Мейірбике мамандығы бойынша маман сертификаты бар. Тіркеу №1027 Берілген күні -18.09.2018 ж. Жалпы еңбек өтілі – 25 жыл, осы мекемеде –2 жыл.

Медициналық кабинетке, медициналық қызмет көрсету үшін **Мемлекеттік лицензия** Берілген күні-05.04.2018ж .№11153DD

Балабақша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бекіткен №59 09.07.2021 ж. Санитариялық қағидаларын толықтай сақтап, жұмыс істейді.

Медициналық бөлім: Санитарлық талаптарға сай жабдықталған.Балабақшаға тәрбиеленушілер «Бала денсаулық паспорты» 026/у құжатымен қабылданады. Жұқпалы аурулардан сақтану , болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарлы жүргізіледі. Тоқсан сайынан антропометриялық өлшемдер жүргізіліп, тәрбиеленушілердің физиологиялық көрсеткіштері бақыланады.Мекеме қызметкерлері жылына екі рет уақытылы медициналық тексерістен өткізіледі.

Зарарсыздандыру ерітіндісін дайындау үшін **«ДЕОХЛОР Стандарт»** таблеткалары пайдаланылады. Ерітінді дайындайтын «Ерітінді дайындау» нұсқаулығы бар арнайы орын бөлінген, ыдыстар жеткілікті. 0,03%.0,015% ерітінділермен жұмыс жасайды.Ауыз су орталықтандырылған.

7 топта 14 педагог, 7 кіші қызметкер жалпы саны 21 адам жұмыс істейді. Мектепке дейінгі мекеме ғимараты жылыумен жабдықталып, жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық камтамасыз етілген. Санитарлық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі мекеменің ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін камтамасыз ету максатында жұмыстар жүргізілді. Топтар жылжымалы бактерицидті лампамен камтылған. СанПин талаптарына сәйкес желдетіледі. Барлық үй жайлары санитарлық қағидаға сәйкес жұмыс жасауда. Санитарлық тораптар: әр топта 2 унитаз, 2 қолжуғышпен камтамасыз етілген. Топтық үй-жайлар, қабылдау бөлмесі, саз бөлмесі, спорт зал, медициналық бөлмелерінде ауа температурасын өлшейтін термометрлер санитарлық талаптарға сәйкес орнатылған. Топта тәрбиеленушілер үшін «Алғашқы көмек» жиынтығы карастырылған. Топты жуып, жинауға арналған мүккәмалдармен камтамасыз етілген. Санитарлық торапқа арналған

Scanned with AnyScanner

мүккәмалдар сигналды түспен белгіленген.
Кереуеттер мен төсек жаймалары, сүлгілер, топ жиһаздары таңбаланған. Топта ас үй жиһаздары мен ыдыстары талапқа сай таңбаланған. Ауыз су режимі дұрыс сақталған. Балабақша бойынша топта үстелдер мен орындықтар, жатын бөлмесінде кереуеттер балалардың бой,жас ерекшеліктеріне сәйкес, белгіленген өлшемде қарастырылған. Қабылдау бөлмелері балалардың сырткы киімін шешетін таңбаланған шкафтармен және отырғышпен камтылған. Күн соңында балалар ойнаған ойыншықтар жуу құралдарын пайдалана отырып жуылып, төңкеріліп кептіріледі. Ойыншық жууға арналған табактар және кептіруге арналған жаймалар топ ерекшеліктері бойынша таңбаланған.
Ас блогы: Ас дайындау , ыдыс жуу , тамақ тарату бөлмесі, көкөніс, құрғақ азық-түліктер қоймасы, салқындату камерасы бөлімдерінен тұрады. Қоймалар талапқа сай жасақталған. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау үшін термометрлер бар, мұздатқыш жабдықтары қарастырылған. Температура режимі сақталады.

Мекеме басшысы бекіткен маусымдық перспективтік ас мәзірі жасақталған. Балалардың тамақтануы іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективті ас мәзіріне сәйкес жүргізіледі. Аспаздық дайын өнімнің тәуліктік сынамалары арнайы тоңазытқышта сақталады. Тоңазытқышқа арналған термометрмен қамтамасыз етілген. Күнделікті ас мәзірі толтырылып, «С» дәрумені жүргізіледі. «Дайын тағамның және аспаздық бұйымдады органолептикалық бағалау журналы», «Тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы», «Ас блогы жұмыскерлерін тексеріп-қарау нәтижелері журналы» құжаттары уақытымен жүргізіледі.
Кір жуу бөлімі: Лас төсек жабдықтарын қабылдау, кір жуу , үтіктеу , таза төсек жаймаларын өткізу бөлмесі, төсек жаймалары, сүлгілер сақтау қоймасы қарастырылған.
Кір жууға арналған 2кір жуу машиналары, кептіруге арналған жабдық, үтіктеу тақталарымен қамтамасыз етілген. Жаймалары 2 ауысымдық. Сүлгілер жеткілікті мөлшерде. Төсек жаймаларын жууға арналған график жасақталған.
Психолог кабинеті:Балабақшада педагог-психологтың жұмысы балалардың физикалық және психологиялық денсаулықтарының қорғаумен байланысты, эмоциалды амандықтарына мүмкіндік туғызатын шарттар жасайды және әр баланың ерекшіліктерінің жайлы және эффективті түрде дамуын қамтамасыз етеді.Ата- аналар мен педагогикалық ұжымға арналған жылдық жұмыс жоспар жасақталып, жыл сайын жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

Топтық үй-жайлар

1	Жастары бойынша топ олардың ішінде:	7
	Жатын бөлмелері	7
2	Музыка залы	1
3	Меңгерушінің кабинеті	1
	Психологтың кабинеті	1

Scanned with AnyScanner

4	Әдістемелік кабинет, есепші кабинеті	1
5	Медициналық кабинеті	1
6	Қойма үй жайлары	1
7	Кір жуатын , үтіктейтін орын	1

1.Оқытумен мен тәрбиелеу қызметін бағалау.

Балабақшаның жылдық жоспары оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешімін талдау арқылы басталып, сауатты, нақты жазылған. Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі.Педагогикалық ұжым тәрбиелеу – оқыту үдерісін:

- ҚР «Білім туралы» Заңы Жарғысына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- Оқу жұмыс жоспарына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына;
- Ішкі тәртіп ережелеріне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Балабақшаға балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласындағы «Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту» туралы бұйрығына сай, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай. Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары аудандық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарларында алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінде жылдық перспективалық жоспары үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін ескере отырып құрылған. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылғаніс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

Scanned with AnyScanner

министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығын, «Балаларды ерте дамыту институты» Республикалық орталығының әдістемелік ұсынымдарын, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрастырылған. Жаңа оқу жылындағы топтардың ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, күн тәртібі балабақша меңгерушісінің мөрімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балабақша педагогтары балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттырып, дені сау ұрпақ тәрбиелеуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, экологиялық мәдениетін қалыптастыруда, тілін, сөздік қорын байытуда, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін, ұлттық рухтарын оята отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында, ұйымдастырылған іс-әрекеттерден тыс түрлі іс-шаралар ұйымдастырылған.

Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын ұйымдастыруда келесі қағидаларды ескерген:

- әр жеке тұлғаның психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін, интеллектуалды дамуын ескере отырып, халыққа білім берудің барлық деңгейіне қолжетімділік, сапалы білім алуға барлығының тең құқылығы;
- психологиялық жайлылық (мейірімді атмосфера);
- табиғилылық - баланың денсаулығы, психикалық және дене дайындығы, ерекшелігі, бейімділігі, жеке ерекшеліктері мен қабылдауының оның жаратылысымен сәйкес дамуы;
- жеке тәсіл - баланы жеке тұлға ретінде дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- кіріктіру – тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекетті басқа іс-әрекет түрлерімен кіріктіру;
- ғылымилық – балаларға шынайы ғылыми білім беріледі; - мазмұнның дамытушылық әсері - баланың жақын даму аймағындағы біліміне сүйену,баланың таным әдістерін меңгеруін қамтамасыз ету;
- жүйелілік – баланы әлемнің біртұтас бейнесі туралы біліммен қамтамасыз ету үшін, балаларға берілетін білімнің бір-біріменбайланысты болуы;
- өлке тану қағидасы – аймақтық ерекшелікті ескеріп, мектеп жасына дейінгі баланың алған білімдерін күнделікті өмірмен байланыстыруды қамтамасыз ету;
- жеке тұлғаны білімге ынталандыру және дарындылығын дамыту.

Аталған қағидалар білім беру мазмұнына қойылатын заманауи талаптарды анықтайды, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосады. Біздің балабақша педагогтерінің міндеті, басты мақсаты тәрбиеленушілерге сапалы білім беріп, саналы, патриот ұрпақ тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық кеңес хаттамалары толық жазылған, тігіліп, мөрленіп, меңгеруші бекіткен.

Scanned with AnyScanner

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жаракаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген. Ата – аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата - аналар туралы мәліметтер жинақталған. Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемелекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізілген. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатынлда түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтер өз жұмыстарында жаңа технологияларды қолданып ҰІӘ өтеді, өз білімдерін жетілдіріп отырады. Педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған. Семинарлар қазіргі заманға сай форматта, қажетті тақырыптарда алынған, әдістемелік кеңестер уақытымен әр түрлі жаңалықтарды қамти отыра, жас мамандардың сұранысы бойынша көрсетіліп отырған. Балабақшадағы ашық сабақтар, ойын-сауықтар, ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізілген. Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптасытыруға арналған жұмыс түрлері жақсы, жүйелі жолға қойылған, осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы түрде сауықтыру – шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып спорттық сайыстар, эстафеталық жарыстар өткізген. Музыка жетекшісі тәрбиешілермен бірлесіп көрсеткен ертеңгіліктері, іс-шаралары өте қызықты,сапалы өтіп, әр ата-ананың көңілінен шыға білді. Карантиндік шараларға байланысты ата-аналармен онлайн форматта түрлі іс-шаралар, байқаулар өткізілді. Балалардың ән айту қабілеттерін дамыту үшін дауысты дыбыстарды және тыныс алу жаттығуларын қолданып, музыкалық жанрды ажыратуын жақсы меңгергертіп, музыкалық-қимылды ойындарға қызыға араластыру арқылы шығармашылықтарын арттырды. Мектепке дейінгі мекемеде Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделе жүргізіледі. Балабақшамыздың кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтарында ұдайы ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүргізіліп отырады. Әр дүйсенбі күндері Қазақстан Республикасының гимні орындалады. Тәуелсіздік, достық, Отан қорғаушылар мерекелері де гимнмен басталып рәміздер туралы мәліметтер еске салынып отырады. Жыл бойы осы бағыттағы жұмыстар жүргізіліп іс-шаралар жалғасын табуда. «Елін сүйген–Елбасы», «Тәуелсіздік
– тұғырым!», «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем- Қазақстан!», «Отан – оттан да ыстық!», «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» тақырыптарында

Scanned with AnyScanner

ертеңгіліктер, тақырыптық сағаттар ұйымдастырылған. Балаларға патриоттық тәрбие беріп, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, Отанды сүюге баулу балабақшаның басты міндеті. «Туған жер», «Халық даналығы», «Ұлттық құндылықтар – ұрпакка мұра» тақырыптарында сурет, колөнер көрмелері ұйымдастырылған.

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауда және денсаулығын нығайтуда қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, киял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем бпланы коршап алуы кажет...»,- деп В.Сухомленский айткандай, мектепке дейінгі жастағы балалардың калыпты дамып, жетілуі үшін кажетті дамытушы орта калыптастыру керек.

Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие жұмысының басты шарты-пәндік дамыту ортасын құру болып табылады. Дамыту ортасы деп пайдалы ұйымдастырылған, әртүрлі материалдармен толықтырылған, балаларға ыңғайлы ортаны айтамыз.

Балабақшада ойындарға арналған бұрыштар,орталықтар бар. Бұрыштарда түрлі ойыншықтар, әртүрлі аңдардың жан-жануарлардың бетперделері жинақталған. Бұл бұрыштағы заттарды көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту ҰІӘ пайдаланды. Нәтижесінде баланың ұйымдастырылған іс-әрекетке деген

қызығушылығы артады. Ойын орталығында сюжетті рөлдік ойындар «Дәрігер»,

«Құрылысшы», «Аспазшы», «Шаштараз», «Отбасы» , «Шаштараз», «Дүкен»,

«Жүргізуші» ойындары ұйымдастырылады.

Табиғат орталығы. Балалардың табиғи ортаға деген сүйіспеншілігін арыттырып, оны қорғауға деген жауапкершілігін, туған жерге, коршаған ортаға деген көзқарасын калыптастыру мақсатында топтарымызда табиғат бұрышы жасақталған. Аптаның сәрсенбі жұма күндері ҰІӘ көрсетілген

«Бақылау» бөлімі бойынша бөлме гүлдерін баптап суарып, жақсы өсуіне күтім жасайды. Нәтижесінде балалар ұйымшылдыкпен жұмыс жасайды.Табиғат бұрыштарында бағдарлама бойынша гүлдер, аквариумдар бар.Балалардың жас ерекшеліктері бойынша жыл мезгіліне сай безендіріліп, үй және жабайы жануарлардың макетімен, жемістермен көкөністер муляждарымен толықтырып отырылады. Бақылауға арналған еңбек қызметін ұйымдастыруға арналған құрал жабдықтармен қамтылған. Нәтижесінде, баланың тілі жаттығып танымдық қабілеті дамып, сөздік қоры молаяды.

Әдеби орталықта балалардың ойын, сөздік корын, тілін дамытатын кітаптар бұрыш жасақталған. Кітап бұрышында балалардың жас ерекшеліктеріне сай акын жазушылардың суреттері, ертегілер, әңгімелер жинағы, суретті кітаптар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, санамақтар, жаңылтпаштар жинағы жасақталған. Балалар өздігінен оқи алмайтындықтан, әңгімелеп айтуға, көркем сөздермен таныстыру жұмысы бағдарлама талабына сәйкес тақырыптық ұстанымдарға

Scanned with AnyScanner

негізделген. Балалар осы кітаптардағы суреттерге қарап қысқаша әңгімелер, жұмбақтар құрастырады.Нәтижесінде, баланың тілі жаттығып, танымдық қабілеті дамып, сөздік қоры молаяды. Ата-аналар үшін дәліздерде кітапханалар орналастырылған.

Бейнелеу орталығы. Бейнелеу әрекеті баланың шығармашылық қабілеттерін және барлық басқа қабілеттерін дамытудың тамаша құралы болып табылады.Сонымен қатар, бейнелеу өнерінің көмегімен балалар қоршаған әлемді зерттейді. Шығармашылық бұрышымызда әртүрлі көрнекі материалдар түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер, акварельдер, гуашь, мақта бүршіктері (дәстүрлі емес тәсіл үшін) құралдары жасақталған.

Сенсорлық даму орталығы кіші топтарда ұйымдастырылған. Сенсорлық дамыту ойындары саусақтардың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған, бұл баланың интеллектуалдық дамуын, сөйлеудің дамуының жақсаруына көмектеседі.

Сенсорлық даму бұрышында фетрадан, қолдан дайындаған көрнекі материалдар, суреттер, әртүрлі талғамдағы балаларға қызмет көрсетуге арналған кеселер, тарелкалар, саусақ гимнастикасы-баулар және дидактикалық ойындармен жабдықталған.Сонымен бірге еліміздің тарихы мен қазақ елінің салт-дәстүрі ерекшеліктерін көрсететін **ұлттық бұрышы** жасақталған. Ұлттық бұрышта тұскиіз, сандық, көрпешелер, бесік, дөңгелек үстел, домбыра, қамшы, торсық және қазақтың ұлттық киімдерімен жабдықталған.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтер;

2022-2023 оқу жылында 17 педагог жұмыс жасады. Оның ішінде жоғары білімді педагогтар саны-12, арнайы орта білімді-5. Тәрбиешілер саны-12. Оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді-6, мектепке дейінгі арнайы орта білімді-6, педагогикалық жоғары білімді-5.

2022-2023 оқу жылында педагогтер біліктілік арттыру курстарында болып, 4 педагог «Өрлеу», «ПШО» оқу орталықтарында білімін арттырды. 5 педагог өз санаттарын көтеруге құжаттарын рәсімдеп, 1-кезеңнен 4 педагог өтіп, 2-кезең ПББ дан өтіп тест сертификаттарын алды. Бір педагог ПББдан өте алмады, бір педагог бірінші кезеңнен өтпегендіктен өз шешімімен ПББға бармады.

Қорытынды және ұсыныстар:

1. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен, балалармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
2. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
3. Оқу үрдісінде жаңа педагогикалық техонолгияларды, әдіс-тәсілдерді енгізілген.
4. Мектепке дейінгі мекеме компьютермен, интернет жүйесімен қамтылған.
5. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

Scanned with AnyScanner

стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

6. Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы «қанағаттанарлық» деп есепке алынсын.

Ұсыныс:

Біліктілік курстарына баруды ұйымдастыру, педагог-қызметкерлердің санаттарын көтеру. Жаңа заман талабына сай интерактивті тақта алуға құрылтайшыдан қаржы бөлінуі қарастырылсын.

Scanned with AnyScanner